**Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы**

# ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Шымкент қаласы 25 желтоқсан 2024 жыл

## Жалпы ережелер:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 Заңының 39-бабы 3-тармағының 27) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік органның өзі басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілмен мемлекеттік сатып алу монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысы болған кезде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментіне *(бұдан әрі - Департамент),* Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 8 шілдедегі №190/НҚ бұйрығына сәйкес, Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының **жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізуге** ұқсас жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілері жоқтығы туралы 2024 жылы 26 қараша күні № 21-08-12/3499 өтініш хаты келіп түсті.

**Кәсіпорнының толық атауы:** Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын.

**Кәсіпорнының ұйымдастыру-құқықтық нысаны:** Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын.

**Кәсіпорнының Құрылтайшысы:** Шымкент қаласы әкімдігі. **Басқару органы:** Шымкент қаласы ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы болып табылады.

**Кәсіпорнының бір тұлғалар тобына кіретін тұлғалар туралы мәліметтер:** Жоқ.

**Кәсіпорынды құру мақсаты:**

Кәсіпорын қызметінің мақсаты - ветеринариялық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

**Кәсіпорынның негізгі қызмет түрі:**

1) жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар өткізуді;

2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді;

3) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуді;

4) жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық препараттарды тасымалдау, сақтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар мен атрибуттарды тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуді;

5) мал қорымдарын күтіп ұстауды;

6) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды;

7) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізуді, ұсынуды;

8) ветеринариялық анықтама беруді;

9) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізуді және одан үзінді көшірме беруді;

10) биологиялық материалдың сынамаларын алуды және оларды ветеринариялық зертханаға жеткізуді;

11) ауру жануарларды санитариялық союға тасымалдау бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыру;

**1) Кәсіпорынның географиялық қызмет көрсету шекарасы:**

Шымкент қаласы аумағында.

**2) Тиісті тауар нарығында әрекет ететін нарық субъектілерінің санын анықтау нәтижесі:**

«Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті» РММ (02.12.2024 жылғы шығыс. №14-08-04/585) ақпаратқа сәйкес, Шымкент қаласы аумағында ЭҚЖЖ 75000 «Ветеринариялық қызмет» бойынша кәсіпкерлік қызмет түрімен тіркелген 12 (он екі) Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және 33 (отыз үш) Жеке кәсіпкер анықталды. Көрсетілген жеке кәсіпкерлік субъектілерін толық қамту мақсатында «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» РММ (09.12.2024 жылғы шығыс. №МКД-Ш-08-01-08/22729) «2023ж.-2024ж. аралығында Салықтарды және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдерді төлеу туралы» қосымша ақпарат алынды. Қосымша, жеке зерттеулер барысында әлеуметтік желісінен 10 (он) «Ветеринариялық қызмет» бойынша кәсіпкерлік анықталды.

Сонымен қатар, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Шымкент қаласы бойынша филиалы ұсынған (04.12.2024 жылғы шығыс. №03-18-16-09/19562) ақпаратқа сәйкес, «Шымкент қаласы бойынша мал қорымдарын салуды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету» қызметі Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктегішінде бөлініп көрсетілмегендіктен, қызмет түрлері бойынша мәліметтер ұсынылмады. Қосымша, Нарық субъектілерінің көрсетілген қызметтерді атқару мүмкіндігі бар немесе жоқтығын айқындау барысында, субъектілердің аттарында Шымкент қаласы бойынша жылжымалы/жылжымайтын мүлік меншік

құқықтары тіркелген туралы мәліметтерді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Шымкент қаласы бойынша филиалы (17.12.2024 жылғы шығыс. №03-18-16-09/20135) және Шымкент қаласының полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасы (23.12.2024 жылғы шығыс. №5-8-86/11370 ) жауап хаттар алынды.

Бұдан басқа, Заңның 11-бабының 4-тармағына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары мынадай функцияларды: ауыл шаруашылығы жануарларына бірдейлендіру жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар құрады.

Заңның 13-1 бабына сәйкес, Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының 2024 жылғы 29 қарашадағы №21-08-12/3541 шығыс хатында **жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар бойынша** кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы субъектілерден хабарламалар келіп түспегендігін хабарлады.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясы» ММ-сі (бұдан әрі – Инспекция) 02.12.2024 жылғы шығыс № 05-03/1644 хатында қала бойынша аталған қызмет бойынша ақылы түрде қызмет көрсететін субъектілер тіркелмегендігін мәлімдеген.

Жоғарыда көрсетілген жалпы 55 (елу бес) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне (06.12.2024 жылғы шығыс. №17-04-06/1265) сұраныс хат жолданды. Нәтижесінде 26 (жиырма алты) «Ветеринариялық қызмет» бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінен жауап хаттар келіп түспеді. Белсенді жұмыс атқарып жатқан 29 (жиырма тоғыз) «Ветеринариялық қызмет» бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінен мәлімет алынды, алайда аталған қызметтерді атқаруға мүмкіндіктері жоқ екенін көрсетті.

Атап өту қажет, Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының 2024 жылғы 05 желтоқсандағы №21-08-12/3600 шығыс хатында қосымша қажеттіліктер туралы ақпараттарды жолдады. Аталған хаттың қосымшасында (*excel кестеде*) атқарылатын қызметтердің ауқымды көрінісін және керекті қажеттіліктерді айқындап көсеткен.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, мемлекеттік уәкілетті органдардың деректеріне сүйене отырып, Шымкент қаласы шекарасында **жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізу** бойынша ұқсас жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілері жоқ екендігін хабарлайды.

***Ескертпе:*** *Департамент берген қорытынды 2025 жылғы 5 қаңтарынан бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі жыл ішінде жарамды болып табылады.*

**Департамент басшысы** **Е. Қосбаев**

**Департамент басшысының орынбасары** **Қ. Жанкалов**

**Бәсекелестікті дамыту бөлімінің басшысы** **Н. Алиякбаров**

**Бәсекелестікті дамыту бөлімінің бас маманы** **М.Турапбаев**